

# Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:

[www.philips.com/welcome](http://www.philips.com/welcome)

Сурағыңыз  
бар ма? Philips  
компаниясына  
хабарласыңыз

AZ1880



## Қолданушының нұсқасы

# PHILIPS



# Мазмұндар кестесі

---

<b>1 Маңызды ақпарат</b>	2
Қауіпсіздік	2
Ескерту	3

---

<b>2 CD дыбыстық құрылғысы</b>	5
Кіріспе	5
Қораптың құрамы	5
Негізгі құрылғыны шолу	6
Қашықтан басқару құралына шолу	8

---

<b>3 Жұмысты бастау</b>	9
Қашықтан басқару құралын дайындау	9
Қуат көзін таңдау	9
Қосу	10

---

<b>4 Ойнату</b>	11
Дискіні ойнату	11
USB құрылғысынан ойнату	11

---

<b>5 Ойнату опциялары</b>	12
Қайталап және кездейсоқ ойнату	12
Жолдарды бағдарламалау.	12

---

<b>6 Дыбыс реттеу</b>	13
Дыбыс деңгейін реттеу	13
Дыбысты өшіру	13
Бассты жақсарту	13
Құлақсаппа арқылы тыңдау	13

---

<b>7 Радио тыңдау</b>	14
Радио станцияға реттеу	14
Радио станцияларды автоматты түрде бағдарламалау	14
Радио станцияларды қолмен бағдарламалау	14
Алдан ала орнатылған радио станцияны таңдау	14

---

<b>8 Сыртқы құрылғыны тыңдау</b>	15
----------------------------------	----

---

<b>9 USB құрылғысына жазу</b>	16
Ықшам дискіден USB ішіне жазу	16
USB құрылғысынан файлдарды жою	16

---

<b>10 Өнім туралы ақпарат</b>	17
Ерекшеліктер	17
USB құрылғысының ойнатылатыны туралы мәліметтер	17
Қолдау көрсетілетін MP3 диск форматтары	18
Техникалық қызмет көрсету	18

---

<b>11 Ақаулықтарды жою</b>	19
----------------------------	----

# 1 Маңызды ақпарат



## Қауіпсіздік

- ① Осы нұсқауларды оқыңыз.
- ② Осы нұсқауларды сақтап қойыңыз.
- ③ Барлық ескертулерді ескеріңіз.
- ④ Барлық нұсқауларды орындаңыз.
- ⑤ Бұл құрылғыны судың жанында қолданбаңыз.
- ⑥ Тек құрғақ шүберекпен тазалаңыз.
- ⑦ Желдету саңылауларын бітемеңіз. Өндірушінің нұсқауларына сәйкес орнатыңыз.
- ⑧ Радиаторлар, жылытқыштар, пештер немесе жылу шығаратын басқа құрылғылар (соның ішінде күшейткіштер) сияқты жылу көздеріне жақын орнатпаңыз.
- ⑨ Қуат сымының әсіресе штепсельдік ұштарын, электр розеткаларын және олардың құрылғыдан шығатын жерлерін басылып немесе қысылып қалудан қорғаңыз.
- ⑩ Тек өндіруші көрсеткен қосымша/қосалқы құралдарды қолданыңыз.
- ⑪ Тек өндіруші көрсеткен немесе құрылғымен бірге сатылатын арбашамен, тірекпен, ұштағанмен, кронштейнмен немесе үстелмен бірге пайдаланыңыз. Арбаша пайдаланылғанда, арбаша/құрылғы екеуін жылжитқанда аударылып кетіп жарақат алмау үшін сақ болыңыз.
- ⑫ Найзағай ойнағанда немесе ұзақ уақыт қолданылмағанда, бұл құрылғыны ток көзінен ажыратыңыз.
- ⑬ Барлық қызмет көрсету жұмыстарын білікті қызмет көрсетуші мамандарға істетіңіз. Құрылғының қуат сымы немесе штепсельдік ұшы зақымдалған болса, оған су тиіп немесе үстіне заттар түсіп кеткен болса, аппаратқа жаңбыр немесе ылғал заттар тисе, ол дұрыс жұмыс істемей тұрса немесе құлап қалған және тағы да басқаша зақымдалған болса, қызмет көрсетуді қажет етеді.
- ⑭ Батареяны пайдалану туралы ЕСКЕРТУ - Батарея ағып, нәтижесінде дене жарақатының, мүліктің бүлінуінің немесе құрылғының бүлінуін болдырмау үшін:
  - Барлық батареяларды + және - полюстерін құрылғыда белгіленгендей дұрыстап алыңыз.
  - Батареяларды араластырып пайдаланбаңыз (ескі және жаңа немесе көміртекті және сілтілі, т.б.).
  - Құрылғы ұзақ уақыт пайдаланылмаған кезде батареяларды шығарып алыңыз.
- ⑮ Құрылғыға сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.
- ⑯ Құрылғының үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.
- ⑰ Бұл өнімнің құрамында қорғасын немесе сынап болуы мүмкін. Бұл материалдардың тасталуы қоршаған

орта туралы ережелерге байланысты реттелуі мүмкін. Тақтау немесе қайта өңдеу туралы ақпарат алу үшін, жергілікті органдарға немесе Электрондық өнеркәсіп альянсына хабарласыңыз: [www.eiae.org](http://www.eiae.org).

- 18 Желі істікшесі немесе құралды жалғаушы ажырату құрылғысы ретінде қолданылғанда ажырату құрылғысы жұмыс істеуге дайын күйінде қалады.



#### Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы қорабын шешуші болмаңыз.
- Бұл құрылғының ешбір бөлігін майлаушы болмаңыз.
- Құрылғыны басқа электр құрылғыларының үстіне қоюшы болмаңыз.
- Бұл құрылғыны күн сәулесі тикелей түсетін жерлерден, ашық жалыннан немесе қызудан алыс ұстаныңыз.
- Бұл құрылғыдағы лазер сәулесіне ешқашан қарамаңыз.
- Бұл құрылғыны қуат көзінен ажырату үшін қуат сымна, штепсельге немесе адаптерге әрдайым оңай қол жетуін қамтамасыз етіңіз.

## Есту қауіпсіздігі

### Орташа дыбыс деңгейінде тыңдаңыз.

- Құлақаспаптарды жоғары дыбыс деңгейінде пайдалану есту қабілетіңізді нашарлатады. Бұл өнім дыбыстарды бір минуттан аз тыңдаған қалыпты адамның есту қабілетінің жоғалуына себеп болатын децибелдің ауқымда шығарады. Жоғары децибелдік ауқымдар есту қабілеті бұрыннан нашар адамдарға ұсынылады.
- Дыбыс алдамшы болуы мүмкін. Уақыт өткен сайын естуге «қолайлы деңгейіңіз» жоғары дыбыс деңгейіне бейімделеді. Ұзақ уақыт тыңдағаннан кейін «қалыпты» дыбыстар қатты естілуі және есту органдарыңызға зиянды болады. Бұдан қорғану үшін есту органыңыз

бейімделместен бұрын дыбыс деңгейін қауіпсіз деңгейге орнатып, солай қалдырыңыз.

### Қауіпсіз дыбыс деңгейін орнату үшін:

- Дыбыс деңгейін реттегішті төмен параметрге орнатыңыз.
- Дыбысты жақсы және бұрмаланусыз анық естігенге дейін баяулап көбейтіңіз.

### Бірқалыпты уақыт аралығында тыңдаңыз:

- Дыбысты ұзақ уақыт, тіпті «қауіпсіз» деңгейде тыңдау, есту қабілетінің жоғалуына себеп болады.
- Жабдықты бірқалыпты пайдаланыңыз және тиісті үзілістер жасаңыз.

### Құлақаспап пайдаланған кезде төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

- Қолайлы дыбыс деңгейінде қолайлы уақыт аралығында тыңдаңыз.
- Есту қабілетіңіз бейімделетіндіктен дыбыс деңгейін реттемеңіз.
- Дыбыс деңгейін қатты ашпаңыз, айналаңыздағыны ести алмай қаласыз.
- Ықтимал қауіпті жағдайларда мұқият болыңыз немесе уақытша пайдаланбаңыз. Құлақаспапты көлік жүргізгенде, велосипед, скейтборд т.б. пайдаланғанда қолданбаңыз; апатты жағдай туғызады және көптеген аймақтарда заңсыз болып табылады.

## Ескерту



Бұл өнім Еуропа қоғамдастығының радио кедергілеріне қойылатын талаптарына сай.

Бұл өнім келесі директивалар нұсқауының талабына сай: 2004/108/EC + 2006/95/EC

WOOX Innovations тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандайда бір өзгерістер немесе түрлендірулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.



**Be responsible  
Respect copyrights**

Көшіруден қорғалған материалдың, соның ішінде компьютерлік бағдарламалардың, файлдардың, телерадио хабарлары мен дыбыстық жазбалардың көшірмелерін рұқсатсыз жасау авторлық құқықты бұзу және қылмыстық іс болуы мүмкін. Бұл жабдык осындай мақсаттарда пайдаланылмауы тиіс.

## Қайта өңдеу



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.

Өнімде үсті сызылған дөңгелекті қоқыс жәшігінің белгісі болса, өнім Еуропалық 2002/96/ЕС директивасына кіретінін білдіреді.



Өнімді еш уақытта басқа тұрмыстық қоқыспен бірге тастамаңыз. Электр және электрондық өнімдердің бөлек жиналуы туралы жергілікті ережелермен танысыңыз. Ескі өнімді қоқысқа дұрыс әдіспен тастау арқылы қоршаған ортаны және адам денсаулығын сақтап қалуға болады.

Өнімге Еуропалық 2006/66/ЕС директивасының талаптарына сәйкес келетін батареялар салынған. Оларды кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды.

«Pb» химиялық таңбасы бар үсті сызылған дөңгелекті жәшік батареялардың директивада көрсетілген талаптарға сәйкес келетінін білдіреді.



Батареяларды бөлек жинау туралы жергілікті ережелермен танысыңыз. Батареяларды қоқысқа дұрыс әдіспен тастау арқылы қоршаған ортаны және адам денсаулығын сақтап қалуға болады.

## Айналаны қорғау мәселелер ақпараты


Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік ораушысы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.



Windows Media және Windows логотипі АҚШ-тағы және басқа елдердегі Microsoft корпорациясының тіркелген сауда белгілері болып табылады.

**Бұл құрылғыда мына белгі бар:**



## 2 CD дыбыстық құрылғысы

Сатып алынған зат құтты болсын және Philips қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін, өніміңізді [www.Philips.com/welcome](http://www.Philips.com/welcome) торабында тіркеңіз.

### Кіріспе

Бұл құрылғымен дискілерден, USB құрылғыларынан, сыртқы құрылғылардан немесе радио стансалардан аудио тыңдауға болады.

Дыбыс әсерін арттыру үшін, құрылғы DBB (динамикалық бассты күшейту) мүмкіндігін ұсынады.

Құрылғы келесі мультимедиалық форматтарды қолдайды:




### Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз.

- Негізгі бөлік
- Қашықтан басқару пульті
- 1 x айнымалы ток адаптері
- 1 x MP3 байланыс кабелі
- Жұмысты бастаудың қысқаша нұсқаулығы
- Пайдаланушы нұсқаулығы

## Негізгі құрылғыны шолу



### ① TUNING +/- ◀◀ / ▶▶

- Алдыңғы/келесі жолға өту.
- Жолда/дискіде/USB құрылғысында іздеу.
- Радио станцияға реттеу.

### ② ■

- Ойнатуды тоқтату немесе бағдарламаны өшіру.

### ③ SOURCE

- Ресурс таңдаңыз.

### ④ ⏻

- Құрылғыны қосу немесе өшіру.

### ⑤ iR

- Қашықтан басқару сенсоры.

### ⑥ ALB/PRESET/ ▲ / ▼

- Алдыңғы/келесі альбомға өтіңіз.
- Алдын ала орнатылған радио станцияны таңдау.

### ⑦ ▶||

- Ойнатуды бастау немесе уақытша тоқтату.

### ⑧ Диск бөлімінің қақпағы

### ⑨ ▲

- Диск салғышты ашыңыз.

### ⑩ DBB

- Динамикалық бассты жақсарту мүмкіндігін қосыңыз немесе өшіріңіз.

### ⑪ ⏪

- USB жад құрылғысына арналған ұя.

### ⑫ USB REC

- Дискіден USB құрылғысына жазу.

### ⑬ PROG

- Жолдарды бағдарламалау.
- Радио станцияларды бағдарламалау.

### ⑭ VOLUME + / -

- Дыбыс деңгейін реттеу.




15 **MODE**

- Қайталап ойнатуды немесе кездейсоқ ойнатуды таңдау.

16 **Дисплейлі панель**

- Ағымдағы күйді көрсету.



17 **FM антеннасы**

- FM қабылдауын жақсартады.

18 **DC IN**

- Жинақпен берілген айнымалы ток адаптерінің ұясы.

19 **Батарея бөлімінің қақпағы**


20 **🔊**

- Құлақаспаққа арналған ұя.

21 **MP3 LINK**

- Сыртқы дыбыс құрылғысына арналған дыбыстық кіріс ұясы (3,5 мм).

## Қашықтан басқару құралына шолу



### ⑤ ALBUM/PRESET ▲ / ▼

- Алдыңғы/келесі альбомға өтіңіз.
- Алдын ала орнатылған радио станцияны таңдау.

### ⑥ DEL

- USB құрылғысында сақталған аудио файлдарын жою.

### ⑦ REC

- Дискіден USB құрылғысына жазу.

### ⑧ ▶||

- Ойнатуды бастау немесе уақытша тоқтату.

### ⑨ MUTE

- Дыбысты өшіру.

### ① SOURCE

- Ресурс таңдаңыз.

### ② VOLUME + / -

- Дыбыс деңгейін реттейді.

### ③ ■

- Ойнатуды тоқтату немесе бағдарламаны өшіру.

### ④ ◀▶

- Алдыңғы/келесі жолға өту.
- Жолда/дискіде/USB құрылғысында іздеу.
- Радио станцияға реттеу.

# 3 Жұмысты бастау



## Ескерту

- Осы жердегіден басқа басқару элементтерін, реттеулерді пайдалану немесе техникалық қызмет көрсету процедураларын орындау зиянды радиацияның шығуын немесе қауіпсіз жұмысты тудыруы мүмкін.

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.

Philips компаниясына хабарлассаңыз, сізден осы құрылғының үлгі және сериялық нөмірі сұралады. Үлгі және сериялық нөмірі — құрылғының астыңғы жағында. Осы жерге нөмірлерді жазыңыз:

Үлгі нөмірі \_\_\_\_\_

Сериялық нөмір \_\_\_\_\_

## Қашықтан басқару құралын дайындау



## Ескерту

- Жарылу қаупі бар! Батареяларды қызудан, күн сәулесінен немесе оттан аулақ ұстаңыз. Батареяларды отқа тастамаңыз.


Алғаш қолдану үшін:

- 1 Қашықтан басқару құралының батареясын іске қосу үшін қорғаныш тілшікті алыңыз.

Қашықтан басқару құралының батареясын ауыстыру үшін:

- 1 Батарея бөлімін ашыңыз ((A) бағытында тиекті ұстап тұрып, батарея науасын шығарып алыңыз).
- 2 1 CR2025 батареясын көрсетілгендей дұрыс жағымен (+/-) салыңыз.

- 3 Батарея бөлімін жабыңыз.



## Ескертпе

- Қашықтан басқару құралын ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, батареясын шығарып алыңыз.
- Ішінде химиялық заттар бар болғандықтан, батареяларды дұрыс тастау керек.

## Қуат көзін таңдау

Құрылғы айнымалы ток көзімен немесе батареялармен жұмыс істейді.

## Айнымалы ток қуаты



## Ескерту


- Өнімді бұзып алу қаупі! Қуат көзінің кернеуі құрылғының астында басылған кернеуге сәйкес келетініне көз жеткізіп алыңыз.
- Ток соғу қаупі бар! АТ адаптерін ажыратқанда, ашаны әрқашан розеткадан суырыңыз. Сымды ешқашан тартпаңыз.
- Айнымалы ток адаптерін жалғарда, барлық басқа байланыстар орнатылғанына көз жеткізіп алыңыз.




## Ескертпе

- Тіптік кесте негізгі құрылғының астыңғы жағында орналасқан.

- 1 Айнымалы ток адаптерінің бір ұшын негізгі құрылғыдағы **DC IN** ұясына жалғаңыз.



- 2 Айнымалы ток адаптерінің екінші ұшын қабырға розеткасына жалғаңыз.



## Ескертпе

- Батареяларда химиялық заттар болуы мүмкін, сондықтан оларды қоқысқа дұрыс тастау керек.

## Қосу


- 1  $\phi$  түймесін басыңыз.  
↳ Құрылғы соңғы таңдалған көзге ауысады.

## Өшіру

- 1 Құрылғыны өшіру үшін,  $\phi$  түймесін қайтадан басыңыз.  
↳ Дисплей панеліндегі артқы жарық өшеді.

## Батарея қуаты

- 1 Құрылғының астыңғы жағындағы батарея салғышты ашыңыз.
- 2 Түйме тәрізді 6 R14/UM2/C батареясын (жинаққа кірмейді) дұрыс жағымен (+/-) салып, батарея бөлімін жабыңыз.




- 3 Құрылғы қолданылуға дайын.

## 4 Ойнату

### Дискіні ойнату

- 1 Диск ресурсын таңдау үшін, **SOURCE** түймесін қайта-қайта басыңыз.
- 2 Диск бөлімін ашу үшін, **▲** түймесін жылжытыңыз.
- 3 Басылған бетін сыртқа қаратып дискіні салыңыз да, диск бөлімін жабыңыз.
- 4 Ойнатуды бастау үшін **▶||** түймесін басыңыз.
  - Ойнатуды уақытша тоқтату/жалғастыру үшін **▶||** түймесін басыңыз.
  - Ойнатуды тоқтату үшін **■** түймесін басыңыз.
  - Басқа жолды таңдау үшін, **◀◀ / ▶▶** түймесін басыңыз.
  - Альбомды таңдау үшін, **ALB/PRESET ▲ / ▼** түймесін басыңыз.
  - Жолда іздеу үшін, **◀◀ / ▶▶** түймесін басып тұрыңыз да, қалыпты ойнатуды жалғастыру үшін босатыңыз.

### USB құрылғысынан ойнату






#### Ескертпе

- USB құрылғысында қолда көрсетілетін пішімде ойнатуға келетін аудио мазмұны бар екенін тексеріңіз. (ақылдасу 'USB құрылғысының ойнатылатыны туралы мәліметтер' бет 17)

- 1 USB құрылғысын құрылғыдағы **↔** ұясына салыңыз.
- 2 USB ресурсын таңдау үшін **SOURCE** түймесін қайталап басыңыз.
- 3 Қалтаны таңдау үшін, **ALB/PRESET/ ▲ / ▼** түймесін басыңыз.
- 4 Аудио файлын таңдау үшін, **◀◀ / ▶▶** түймесін басыңыз.
- 5 Ойнатуды бастау үшін **▶||** түймесін басыңыз.
  - Ойнатуды уақытша тоқтату/жалғастыру үшін **▶||** түймесін басыңыз.
  - Ойнатуды тоқтату үшін **■** түймесін басыңыз.
  - Аудио файлда іздеу үшін, **◀◀ / ▶▶** түймесін басып тұрыңыз да, қалыпты ойнатуды жалғастыру үшін босатыңыз.

# 5 Ойнату опциялары

## Қайталап және кездейсоқ ойнату

- 1 Таңдау үшін **MODE** түймесін қайталап басыңыз:
  -  : ағымдағы трек қайталап ойнатылады.
  -  : барлық трек қайталап ойнатылады.
  -  : барлық трек еркін ойнатылады.
- 2 Қалыпты ойнатуға оралу үшін, ойнату режимі көрсетілмегенше, **MODE** түймесін қайта-қайта басыңыз.



### Keңec

- Бағдарламаға енгізілген тректерді ойнатқанда еркін ойнатуды таңдау мүмкін емес.

## Жолдарды бағдарламалау.

Ең көбі 20 жолға дейін бағдарламалауға болады.

- 1 Бағдарлама режимін белсендіру үшін, CD/USB режимінде, тоқтап тұрғанда **PROG** түймесін басыңыз.  
↳ [PROG] (бағдарлама) дисплейге шығады.
- 2 MP3/WMA жолдары үшін, **ALB/PRESET/▲/▼** түймесін басып, альбомды таңдаңыз.
- 3 Жол нөмірін таңдау үшін, **◀◀/▶▶** түймесін, одан кейін растау үшін **PROG** түймесін басыңыз.
- 4 Барлық бағдарламаланатын жолды таңдау және сақтау үшін, 2-3 кадамдарды қайталаңыз.
- 5 Бағдарламаланған жолдарды ойнату үшін **▶||** түймесін басыңыз.  
↳ Ойнап тұрғанда [PROG] (бағдарлама) дисплейге шығады.
  - Бағдарламаны өшіру үшін, тоқтап тұрғанда **■** / түймесін басыңыз.

## 6 Дыбыс реттеу

---

### Дыбыс деңгейін реттеу

- 1 Ойнату кезінде дыбыс деңгейін жоғарылату/төмендету үшін **VOLUME +** / - түймесін басыңыз.


### Дыбысты өшіру

- 1 Ойнату барысында дыбысты өшіру немесе шығару үшін, қашықтан басқару құралындағы **MUTE** түймесін басыңыз.

### Бассты жақсарту

- 1 Ойнату кезінде динамикалық басс күшейту функциясын қосу немесе өшіру үшін **DBV** түймесін басыңыз.  
↳ DBV қосылса, DBV көрінеді.

### Құлақаспап арқылы тыңдау

- 1 Құлақаспапты құрылғының артқы жағындағы  ұясына салыңыз.

# 7 Радио тыңдау

## Радио станцияға реттеу

- 1 FM немесе MW станциясын таңдау үшін, **SOURCE** түймесін қайта-қайта басыңыз.
- 2 **TUNING +/- ◀◀ / ▶▶** түймесін 2 секундтан артық басып тұрыңыз.
  - ↳ [SEARCH] (іздеу) дисплейге шығады.
  - ↳ Радио күшті қабылдау сигналы бар станцияға автоматты түрде реттеледі.
- 3 Көбірек станцияларды реттеу үшін 2-қадамды қайталаңыз.
  - Әлсіз станцияны баптау үшін оңтайлы қабылдау сигналы табылғанша, **TUNING +/- ◀◀ / ▶▶** түймесін қайта- қайта басыңыз.

## Радио станцияларды автоматты түрде бағдарламалау

Ең көбі 40 (FM + MW) алдын ала орнатылған радио станцияларды бағдарламалауға болады.

- 1 Автоматты бағдарламалау режимін белсендіру үшін, тюнер режимінде **PROG** түймесін 2 секундтан артық басып тұрыңыз.
  - ↳ [AUTO] (авто) көрсетіледі.
  - ↳ Барлық қол жетімді станциялар толқын жиілігін қабылдау сигналының күшінің ретімен бағдарламаланады.
  - ↳ Бірінші бағдарламаланған радио станция автоматты түрде таратылады.

## Радио станцияларды қолмен бағдарламалау

Ең көбі 40 (FM + MW) алдын ала орнатылған радио станцияларды бағдарламалауға болады.

- 1 Радио станцияға реттеу.
- 2 Бағдарлама режимін белсендіру үшін **PROG** түймесін басыңыз.
  - ↳ [PROG] (бағдарлама) дисплейге шығады.
- 3 Осы радио станцияға нөмір беру үшін **ALB/PRESET/ ▲ / ▼** түймесін басыңыз да, растау үшін **PROG** түймесін басыңыз.
- 4 Басқа станцияларды бағдарламалау үшін жоғарыдағы қадамдарды қайталаңыз.

## Алдан ала орнатылған радио станцияны таңдау

- 1 Алдын ала орнатылған нөмірді таңдау үшін тюнер режимінде **ALB/PRESET/ ▲ / ▼** түймесін басыңыз.



### Keңес

- Антеннаны теледидардан, бейнемагнитофоннан немесе басқа радиация көзінен мүмкіндігінше алыс қойыңыз.
- Оңтайлы қабылдау үшін антеннаны толық шығарып, орнын дұрыстаңыз.



# 8 Сыртқы құрылғыны тыңдау

Сондай-ақ, осы құрылғы арқылы сыртқы аудио құрылғысын тыңдауға да болады.

- 1 MP3 байланыс көзін таңдау үшін **SOURCE** түймесін қайта-қайта басыңыз.
- 2 Берілген MP3 байланыс кабелін келесіге қосыңыз:
  - құрылғының артындағы **MP3 LINK** ұясына (3,5 мм);
  - сыртқы құрылғыдағы құлақаспап ұясына.
- 3 Құрылғыны ойнатуды бастаңыз (құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).

# 9 USB ҚҰРЫЛҒЫСЫНА ЖАЗУ


Дискідегі аудио файлдарды USB құрылғысына жазуға болады. Аудио CD жолдары мен MP3 файлдары .mp3 пішімінде жазылады, ал WMA файлдары .wma пішімінде жазылады.

USB құрылғысына алғаш жазған кезде «PHILIPS» деп аталатын қалта USB құрылғысында автоматты түрде жасалады. Әр USB құрылғысына жазған сайын, жазылған файлдар «PHILIPS» қалтасындағы ішкі қалтаға сақталады. Файлдар мен ішкі қалталар жасалған ретімен сандық түрде аталады.


---

## Ықшам дискіден USB ішіне жазу


### Жазуға дайындау

- 1 USB құрылғысын құрылғыдағы  ұясына салыңыз.
- 2 Диск ресурсын таңдау үшін, **SOURCE** түймесін қайта-қайта басыңыз.
- 3 Дискіні салыңыз.

### Бір жолды жазу

- 1 Дискіні ойнатып, жолды таңдаңыз.
- 2 Қалыпты жазу жылдамдығы үшін, **USB REC** түймесін басыңыз. Жылдам жазу жылдамдығы үшін, **USB REC** түймесін 2 секундтан артық басып тұрыңыз.
  - ↳ Таңдалған жолдан бастап, дискіні ойнату автоматты түрде басталады да, жазу іске қосылады.
  - Жазуды тоқтату үшін  түймесін басыңыз.

### Барлық жолдарды жазу

- 1 Дискіні ойнатуды тоқтатыңыз.
- 2 Қалыпты жазу жылдамдығы үшін, **USB REC** түймесін басыңыз. Жылдам жазу жылдамдығы үшін, **USB REC** түймесін 2 секундтан артық басып тұрыңыз.
  - ↳ Дискінің басынан бастап, дискіні ойнату автоматты түрде басталады да, жазу іске қосылады.
  - Жазуды тоқтату үшін  түймесін басыңыз.

### Ескертпе




- Жылдам жазу үшін, дискі дыбыссыз ойнатылады.
- Аудио файлдарды сақтау үшін USB құрылғысында жад жеткіліксіз болса, [FULL] (толы) сөзі көрсетіледі.

### Кеңес

- Қалыпты жылдамдықпен USB құрылғысына жазу барысында дискіні ойнатуда естілетін кейбір ықтимал дыбыс төмендеуінің алдын алу үшін, дыбыс деңгейін төмендетіп, DBV функциясын өшіріңіз.

---

## USB құрылғысынан файлдарды жою

- 1 USB ойнату барысында аудио файлды таңдау үшін,  /  түймесін басыңыз.
- 2 Қашықтан басқару құралындағы **DEL** түймесін басыңыз.
  - ↳ Растау хабары көрсетіледі.
- 3 Жоғарыдағы растау хабары көрсетілгенде жою үшін, **DEL** түймесін қайтадан басыңыз.
  - Бас тарту үшін,  түймесін басыңыз.
  - ↳ Файлды жойғаннан кейін, USB құрылғысын ойнату тоқтайды.

# 10 Өнім туралы ақпарат

## Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Мөлшері	
Негізгі құрылғы	
(Е x Б x Т)	451 x 214,4 x 132,3 мм
Салмағы	2,15 кг

## USB құрылғысының ойнатылатыны туралы мәліметтер

### Үйлесімді USB құрылғылары:

- USB флеш жады (USB 2.0 немесе USB 1.1)
- USB флеш ойнатқыштары (USB 2.0 немесе USB 1.1)
- жад карталары (осы құрылғымен жұмыс істеу үшін қосымша карта оқу құралдары қажет)

### Қолданылатын пішімдер:

- USB немесе жад файлы форматы: FAT12, FAT16, FAT32 (сектор көлемі: 512 байт)
- MP3 арналған бит жылдамдығы (деректерді жеткізу жылдамдығы): 32-320 кбит/с және өзгертпелі бит жылдамдығы
- WMA v9 не одан бұрынғы
- 8 деңгейге дейін енгізулері бар каталогтар
- Альбомдар/ қалталар саны: ең көбі 99
- Жолдар/жазылымдар саны: ең көбі 999
- ID3 тэгі, 2.0 нұсқасы немесе одан кейінгі
- Unicode UTF8 форматындағы файл атауы (максималды ұзындығы: 128 байт)

### Қолданылмайтын пішімдер:

- Бос альбомдар: бос альбом — құрамында MP3/WMA файлдары жоқ және дисплейде көрсетілмейтін альбом.
- Қолданылмаған файл пішімдері өткізіліп жіберіледі. Мысалы, Word құжаттары (.doc) немесе .dlf кеңейтімді MP3 файлдар еленбейді және ойнатылмайды.

## Ерекшеліктер

### Диск

Лазер түрі	Жартылай өткізгіш
Диск диаметрі	12 см/8 см
Қолдау көрсетілетін диск	CD-DA, CD-R, CD-RW, MP3-CD, WMA-CD

### Тюнер

Реттеу ауқымы	FM: 87,5 - 108 МГц; MW: 531 - 1602 кГц
Реттеу торы	50 кГц (FM); 9 кГц (MW)
Алдын ала орнатылғандар саны	40 (FM + MW)

## Жалпы ақпарат

Шығыс қуат	2 x 2,5 Вт ОКМ
Айнымалы ток қуаты	Кіріс: 100-240 В~, 50/60 Гц, ЕҢ ЖОҒ. 800 мА (0,7 А); Шығыс: 9 В $\approx$ 1,6 А (1,56 А); бренд атауы: Philips; моделі: OH-1028A0901600U-VDE (AS140-090-DF)
Жұмыс кезінде қуат тұтыну	10 Вт
USB Direct	2.0/1.1 нұсқасы

- AAC, WAV, PCM аудио файлдары
- DRM арқылы қорғалған WMA файлдары (.wav, .m4a, .m4p, .mp4, .aac)
- Lossless пішіміндегі WMA файлдары

---

## Қолдау көрсетілетін MP3 диск форматтары

- ISO9660, Joliet
- Максималды тақырып атауы: 999 (файл атауының ұзындығына байланысты)
- Максималды альбом атауы: 99
- Қолдау көрсетілетін үлгі жиіліктері: 32 кГц, 44,1 кГц, 48 кГц
- Қолдау көрсетілетін бит жылдамдықтары: 32~320 (кбит/сек), айнымалы бит жылдамдықтары
- ID3 тэгі, 2.0 нұсқасы немесе одан кейінгі
- 8 деңгейге дейін енгізулері бар каталогтар

- Бензин, ерітінді, сатып алынған тазалағыштар немесе ұқсас жазбаларға арналған антистатикалық спрейді пайдаланбаңыз.

### Диск линзасын тазалау

- Ұзақ уақыт пайдаланғаннан кейін диск линзасында кір не шаң жиналып қалуы мүмкін. Ойнату сапасын жақсарту үшін диск линзасын Philips CD линза тазалағышымен немесе басқа сатып алынған тазалағышпен тазалаңыз. Тазалағыштағы нұсқауларды орындаңыз.

---

## Техникалық қызмет көрсету

### Корпусын тазалау

- Жұмсақ тазалағыш ерітіндімен суланған жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз. Құрамында алкоголь, спирт, аммиак немесе абразив бар ерітіндіні пайдаланбаңыз.

### Дискілерді тазалау

- Диск кірлегенде, оны тазалағыш шүберекпен сүртіңіз. Дискіні ортасынан шетіне қарай сүртіңіз.



# 11 Ақаулықтарды жою



## Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы қорабын шешуші болмаңыз.

Кепілдіктің жарамдылығын сақтау үшін жүйені ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасамаңыз.

Бұл құрылғыны пайдалану кезінде проблемалар орын алса, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-торабына ([www.philips.com/welcome](http://www.philips.com/welcome)) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, құрылғы жақын жерде болсын және үлгі нөмірі мен сериялық нөмірі көрініп тұрсын.

### Қуат жоқ/Дыбыс шықпайды

- Құрылғының айнымалы ток қуат штепселінің дұрыс қосылуын қамтамасыз етіңіз.
- АТ розеткасында қуат болуын қамтамасыз етіңіз.
- Батареялардың дұрыс салынғанына көз жеткізіңіз.
- Дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Бұл аудио файл емес. Аудио файл таңдаңыз.

### Құрылғыдан жауап жоқ

- Айнымалы ток қуат штепселін ажыратып, қайта қосыңыз, одан кейін жүйені қайтадан қосыңыз.

### Диск таңдалмаған

- Дискіні салыңыз.
- Дискінің басылған жағы ішіне қаратып салынғанын тексеріңіз.
- Линзадағы ылғал конденсациясы тазаланғанша күтіңіз.
- Дискіні ауыстырыңыз немесе тазалаңыз.
- Пішімделген ықшам дискіні немесе дұрыс пішімдегі дискіні пайдаланыңыз.

### Қашықтан басқару құралы жұмыс істемейді

- Қандай да бір функция түймесін баспастан бұрын, алдымен негізгі құрылғының орнына қашықтан басқару құралымен дұрыс ресурсты таңдаңыз.
- Қашықтан басқару құралы мен құрылғы арасын жақындатыңыз.
- Батареяны көрсетілгендей қарсылықпен (+/- белгілері) туралап салыңыз.
- Батареяны ауыстырыңыз.
- Қашықтан басқару құралын құрылғының алдындағы сенсорға бағыттаңыз.

### Нашар радио сигналын қабылдау

- Құрылғы мен теледидар немесе бейнемагнитофон арасындағы қашықтықты көбейтіңіз.
- Толығымен ұзартып, FM антеннасын реттеңіз.

### USB құрылғысындағы кейбір файлдарды көрсету мүмкін емес

- USB құрылғысындағы қалталардың не файлдардың саны белгілі бір шектен асып кеткен. Бұл құбылыс ақаулыққа жатпайды.
- Бұл файлдардың форматтарына қолдау көрсетілмейді.

### USB құрылғысына қолдау көрсетілмейді

- USB құрылғысы құрылғымен үйлесімді емес. Басқасын қолданып көріңіз.

### USB құрылғысына жазып жатқанда дискіні ойнатудан кейбір дыбыс төмендейді

- Дыбыс үшін төмен деңгейді орнатып, DBB функциясын өшіріңіз.



Specifications are subject to change without notice  
2013 © WOOX Innovations Limited. All rights reserved.  
This product was brought to the market by WOOX  
Innovations Limited or one of its affiliates, further referred  
to in this document as WOOX Innovations, and is the  
manufacturer of the product. WOOX Innovations is the  
warrantor in relation to the product with which this booklet  
was packaged. Philips and the Philips Shield Emblem are  
registered trademarks of Koninklijke Philips N.V.

